

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Педагогика және психология негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мида жалпылай және жанама түрде бейнеленуінен көрінетін психикалық үдеріс

- A) түйсік
- B) ес
- C) қиял
- D) қабылдау
- E) ойлау

2. Адамға табиғи сіңісіп кеткен, арнайы күш жұмсауды қажет етпейтін зейін түрі

- A) ырықсыз
- B) негізгі
- C) үйреншікті
- D) ырықты
- E) бастапқы

3. Жеке тұлғаның адамдарға, іс-әрекетке, өзіне, қоршаған ортаға тұрақты қарым-қатынасы

- A) мінез
- B) эмоция
- C) қабілет
- D) темперамент
- E) қабылдау

4. Зейіннің түрлері

- A) ырықты, ырықсыз
- B) ерікті, еріксіз
- C) жалған, шынайы
- D) активті, пассивті
- E) шоғырланған, шоғырланбаған

5. Адамның психикалық әрекетінің сыртқы көрінісі

- A) мимика
- B) сезім
- C) эмоция
- D) көзқарасы
- E) мінезі

6. Өзін –өзі байқау түсінігі_____терминімен мағыналас

- A) интроспекция
- B) интроверсия
- C) интроекция
- D) интроскопия
- E) деформация

7. Психология терминін ғылымға енгізген

- A) К.Вольф
- B) Аристотель
- C) З.Фрейд
- D) Платон
- E) Ж.Руссо

8. Психология жеке ғылым ретінде_____ танылды

- A) XIXғ. 80 жылдары
- B) XIXғ. 40 жылдары
- C) XX ғ. 20 жылдары
- D) XVIIIғ. 90 жылдары
- E) XXғ. 80 жылдары

9. Рефлекс және сананы ғылымға енгізген ғалым

- A) Р.Декарт
- B) Т.Мор
- C) Ф.Тейлор
- D) И.П.Павлов
- E) В.Вундт

10. Педагогикалық кеңестің оқу жылында өту саны

- A) 5
- B) 4
- C) 3
- D) 2
- E) 6

11. Мұғалім мен ата-ананың бірлескен отырысы

- A) ата-аналар жиналысы
- B) сынып сағаттары
- C) үйірмелер
- D) сыныптан тыс жұмыстар
- E) факультатив сабақтар

12. Баланың алғашқы ұжымы

- A) отбасы
- B) мектеп
- C) мектепке дейінгі ұжым
- D) спорт жаттықтырушы
- E) әлеуметтік орта

13. Ұжым

- A) ортақ мақсаты бар адамдар тобы
- B) кинозалдағы көрермендер
- C) адамдар тобы
- D) автобустағы адамдар тобы
- E) отбасы мүшелері

14. А.С.Макаренко бойынша перспектива түрлері

- A) 3
- B) 2
- C) 4
- D) 5
- E) 6

15. Синтез дегеніміз-

- A) құбылысты жеке бөліктерге бөлу
- B) жалпылау элементтері
- C) абстракциялау жайттары
- D) құбылыс элементтерін біріктіру
- E) ой қорытындысы

16. Қабылдау – бұл

- A) сыртқы әлемнің субъективті түрде бейнеленуі
- B) талдағыштардың бірлескен іс-әрекетінің нәтижесі
- C) қоғам мен табиғаттың заңдылықтарының бейнесі
- D) сезім мүшелері арқылы заттардың толық бейнеленуі
- E) объектілердің жеке материалдық қасиеттерінің бейнеленуі

17. Тұлғаның бағыттылығын сипаттайды

- A) сабырлығы, темпераменті, түйсігі
- B) ақыл-ойы, қиялы, сөйлеуі
- C) сөйлеуі, мінезі, қабылдауы
- D) түйсігі, шоғырлануы, бөлінуі
- E) құндылықтары, сенімі, мақсаты

18. Адамдар арасында хабар алмасуға бағытталған іс әрекеттің түрі

- A) еңбек
- B) қарым-қатынас
- C) оқу
- D) ойын
- E) жүріс-тұрыс

19. Жыл бойы мектепте оқытылатын оқу пәндерінің құрамын, ретін, сағат санын анықтайтын нормативті құжат

- A) Оқу бағдарламалары
- B) Оқу жоспары
- C) Оқу –әдістемелік кешен
- D) Оқулықтар
- E) Стандарт

20. Білім беру ұйымдарының нақты бір түрінде оқыту үшін таңдап алынған білімдер мен біліктер жүйесі

- A) Білім беру мазмұны
- B) Білім беру әдістері
- C) Білім беру формалары
- D) Білім беру ұстанымдары
- E) Білім беру құралдары

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Сынып жетекшісі тәрбие жұмысын жоспарлау жұмысын бастайды
А) оқушылардың физиологиялық ерекшеліктерін зерттеуден
В) сыныпқа сипаттама беруден, отбасын зерттеуден
С) оқушыларды, олардың арасындағы қарым-қатынастарды, отбасын зерттеуден
D) пән мұғалімдерінің, мектеп әкімшілігінің пікірлерін зерттеуден
E) балалардың тұрғылықты мекен -жайын зерттеуден

2. Тәрбиенің мәні
А) қоғам үшін саналы, белсенді, ізгіленген, іскер азаматты қалыптастыру
В) оқушыларды білім алуға ынталандыру
С) оқушының өмірдегі орнын анықтап, болашаққа жол сілтеу
D) оқушыны қоғамдық жұмыстарды атқаруға үйрету
E) оқушының өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру

3. «Тәрбие туралы ойлар» еңбегінің авторы
А) Ж.Руссо
В) И.Песталоцци
С) А.Радищев
D) Дж.Локк
E) Н.Добролюбов

4. Қалыптасқан тәжірибе бойынша тәрбие әдістерін былай жіктеуге болады
А) 2
В) 3
С) 5
D) 4
E) 6

5. Жеке-тұлғалы бағдарлы тәрбие
А) ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлға сапаларын дамыту
В) мәдени дамуды педагогикалық басқару үрдісі
С) әлеуметтенуді педагогикалық тұрғыда басқару үрдісі
D) әлеуметтік бейімделу және шығармашылық өзін-өзі іске асыру
E) жеке тұлғалардың барлық шығармашылық қабілеттерін дамыту

6. «Тәрбие – адамды қалыптастыратын және жетілдіретін үйлесімді процесс» - деген пікірдің авторы

- A) К.Д.Ушинский
- B) И.Г.Песталоцци
- C) Я.А.Коменский
- D) Ж.Ж.Руссо
- E) А.В.Дистервег

7. Жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру үрдісі

- A) тәрбие
- B) оқыту
- C) білім беру
- D) әлеуметтендіру
- E) дамыту

8. Қоғамның материалдық жағдайының өсуі, идеологиясының өзгеруіне сай тәрбие мақсатының өзгеру себебі

- A) тәрбие – мақсатты процесс
- B) тәрбие – біртұтас процесс
- C) тәрбие - көпжақты процесс
- D) тәрбие - қоғамдық құбылыс
- E) тәрбие – ұзақ әрі күрделі процесс

9. Жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіру үдерісінде ақыл-ой тәрбиесінен кейін маңызды рөл атқарады

- A) экологиялық тәрбие
- B) эстетикалық тәрбие
- C) экономикалық тәрбие
- D) еңбек тәрбиесі
- E) адамгершілік тәрбиесі

10. Оқушылардың экономикалық тәрбиелілігінің көрсеткіші:

- A) экономикалық мәдениетті меңгеруі
- B) экологиялық мәдениетті меңгеруі
- C) ақпараттық мәдениетті меңгеруі
- D) таным мәдениетін меңгеруі
- E) қарым- қатынас мәдениетін меңгеруі

11. Ақыл-ой тәрбиесінің басты міндеті

- A) оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру
- B) ақыл-ой және дене еңбегіне қабілеттілікті жетілдіру
- C) ақыл – ой мәдениетіне тәрбиелеу
- D) мамандықты таңдауға дайындау
- E) ақыл-ой күштерін дамыту

12. Ақыл-ой тәрбиесіне кіретін екі ұғым

- A) таным және ой
- B) анализ және синтез
- C) зер салып ойлау және ақыл-ой күштері
- D) индукция, дедукция
- E) абстракциялық және категориялық ойлау

13. Адамгершілік қатынастар өлшенетін нормалар

- A) қоғамдық нормалар
- B) моральдық нормалар
- C) психологиялық нормалар
- D) адамгершілік нормалар
- E) отбасылық нормалар

14. Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеудегі басты ерекшелігі

- A) Бірізділік
- B) Отбасылық
- C) Мақсаттылық
- D) Сауықтыру
- E) Болжаушылық

15. Әдіс:

- A) мақсатқа жетудегі оқушылар ұжымы мен тәрбиешілер іс- әрекетінің күрделі кешені
- B) оқушылар ұжымы мен тәрбиешілер іс - әрекеті
- C) оқушылар ұжымы мен тәрбиешілер іс – әрекетінің құрылымы
- D) оқушылар ұжымы мен тәрбиешілер іс – әрекетінің мазмұны
- E) оқушылар ұжымы мен тәрбиешілер іс – әрекетінің белгісі

16. Тәрбиелік іс- әрекет әдісінің сөздік формасы:

- А) жиналыс, саяси хабарлар, баяндама, оқырман конференциялары, пікірталас, ауызша газет, кездесулер т.б.
- В) демонстрация, саяси хабарлар, баяндама, оқырман конференциялары, пікірталас, ауызша газет, кездесулер т.б.
- С) олимпиада, саяси хабарлар, баяндама, оқырман конференциялары, пікірталас, ауызша газет, кездесулер т.б.
- Д) конкурс, саяси хабарлар, баяндама, оқырман конференциялары, пікірталас, ауызша газет, кездесулер т.б.
- Е) сайыс, саяси хабарлар, баяндама, оқырман конференциялары, пікірталас, ауызша газет, кездесулер т.б.

17. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру формасының мазмұны:

- А) кең, жан- жақты
- В) тар, жан- жақты
- С) жүйесіз, жан- жақты
- Д) құрамдас, жан- жақты
- Е) кең, құрамдас

18. Тәрбие жүйесінің жүйелілік әдісіне жататындар:

- А) тәрбие жүйесін әртүрлі деңгейде жобалау, құрастыру, жетілдіру және қайта құру
- В) әртүрлі деңгейде құрастыру, жетілдіру және қайта құру
- С) әртүрлі деңгейде жобалау, жетілдіру және қайта құру
- Д) әртүрлі деңгейде орнын ауыстыру, құрастыру, жетілдіру және қайта құру
- Е) тәрбие жүйесін қайта құрастыру, жетілдіру және орындарын ауыстыру

19. Тәрбие жүйесін әртүрлі деңгейде жобалау, құрастыру, жетілдіру және қайта құру қай әдіске жатады?

- А) жүйелілік әдісі
- В) тұтастық
- С) сенімділік
- Д) тұрақтылық
- Е) бірізділік

20. Тәрбие әдістері ненің көмегімен іске асырылады?

- А) тәсілдер арқылы
- В) икемділіктер арқылы
- С) қызығушылықтар арқылы
- Д) жұмылдыру арқылы
- Е) күштеу арқылы

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Жеке тұлғаның, қоғамның, табиғаттың денсаулығы туралы ғылым

- A) салауаттану
- B) педагогика
- C) психология
- D) денсаулық
- E) биология
- F) гигиена
- G) валеология

22. «Принцип» ұғымының қазақ тіліндегі мағынасы

- A) амал
- B) заңдылық
- C) негіз
- D) тәрбие
- E) білім
- F) түрткі
- G) әдіс
- H) қағида

23. Адамгершілік, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесі: бұлар тәрбиенің

- A) моделдері
- B) құралдары
- C) бағыттары
- D) амалдары
- E) жүйесі
- F) түрлері
- G) шарттары
- H) салалары

24. Оқушы мен педагог арасындағы қарым-қатынасты орнату жағдайлары

- A) коммуникативті жағдайлар
- B) еркін шығармашылық жағдайлар
- C) сыйластық және сенім жағдайлары
- D) субъективтік жағдайлар
- E) тұрмыстық жағдалар
- F) отбасылық жағдайлар
- G) шығармашылық жағдайлар
- H) әлеуметтік жағдайлар

25. Сынып жиналысы:

- A) Сынып жетекшісінің топ оқушылармен өткізетін жиналысы
- B) Оқушылар жиналысында өзін-өзі басқару жұмысы
- C) Ата-аналармен кездесу
- D) Сынып белсенділігі
- E) Педагогикалық кеңес
- F) Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлермен жұмыс
- G) Директордың мұғалімдермен өткізетін кездесулері
- H) Үйірме жұмыстары

26. Ата-аналарға арналған ғылыми-практикалық конференцияның тақырыптары:

- A) Отбасындағы тәрбиеде жұртшылықтың ролі
- B) Кәсіптік бағдар беру
- C) Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы
- D) Мұғалімдердің жұмысын талқылау
- E) Жылдық жұмыс жоспарн қорытындылау
- F) Білім беру мәселелерін парламентте шешу
- G) Сайлауда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу
- H) Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру мәселелері

27. Сабақтан тыс тәрбие жұмысының мазмұнына әсер ететін факторлар

- A) Мектептің ерекшелігі және ондағы қалыптасқан дәстүр
- B) Мұғалімнің өзінің жеке басының ерекшелігі, қызығушылығы
- C) Спорттық ойындар
- D) Әсемдік
- E) Кино
- F) Музыка
- G) Сыныптың ерекшелігі
- H) Кітап

28. Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі

- A) Мінез-құлық нормаларына қатысты білім, білік, дағдыларын беру
- B) Баланы әртүрлі әлеуметтік қатынастарға қатыстыру
- C) Адам баласына адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру
- D) Дамыту
- E) Тәрбиелеу
- F) Іс-әрекеттерін ынталандыру
- G) Оқыту
- H) Мадақтау

29. Балалар ұжымымен жұмыстар жүргізудегі мұғалімнің кәсіби маңызды қасиет - сапаларын зерттеген ғалымдар:

- A) В.А.Сластенин
- B) Н.В. Кузьмина
- C) Б.Р.Айтмамбетова
- D) А.Бейсембаева
- E) Ғ. Құсаинов
- F) А.Құсаинов
- G) С.Ұзақбаева
- H) Ш.Таубаева

30. Спорттық жиындарды ұйымдастыру формалары

- A) спорттық шаралар
- B) саяхат
- C) ертеңгілік жаттығулар
- D) дене шынықтыру үзілістері
- E) шынығу шаралары
- F) гимнастикалық жаттығулар
- G) спорттық жарыстар
- H) серуендер

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Сіздің сыныбыңызда екі беделді бала бар – тәртіпті және тәртіпсіз. Оқушылардың басым көпшілігі тәртіпсіз баланың тобында.

31. Тәртіпті және тәртіпсіздікті қалай түсіндіресіз?

- A) ата-ананы ұятқа қалдырмау
- B) эмоциясын сыртқа шығару
- C) тәртіпті баланы жақсы көру
- D) әр түрлі болған нәтижелі жағдайларды айту
- E) адалдық жақсы қасиет

32. Жағымсыз ролін қалай жоюға болады?

- A) оқушының мінез-құлқы
- B) мән бермей қоя салу
- C) әр сыныпта мектеп ережесін, оқушыларға қойлатын талапты қатаң сақтау тақырыбында жиналыс өткізу
- D) тәртіпті баланың жақсы қасиеттерін айтамын.
- E) жамандық қашанда болса, көңілсіздікке апарады.

33. Баланың бірінің дөрекі сөздер айтып, балағаттауын қалай қойдырасыз?

- A) ата-анасымен сөйлесіп, жағдайды түзеймін
- B) сынып балаларына оның «жазасын» беруді тапсырамын
- C) онымен қатаң сөйлесіп, кімнің сөзі орындалатынын сездіремін
- D) баламен әңгімелесіп, оның тәртібінің себептерін анықтаймын
- E) баламен әңгімелесіп, жазалантынын ескертемін

34. Оқушылардың басым көпшілігі тәртіпсіз баланың тобында болудың себебі неде?

- A) тәртіпсіз бала әдемі
- B) Мектептің ішкі тәртіп ережесін маңызды емес деп бағалауы
- C) мектеп ережесінің орындалуы
- D) тәртіптің жоғарылығы
- E) тәртіпсіз баланың ақшасы көп.

35. Бұл жағдайда сіз не істер едіңіз және неге олай істер едіңіз?

- A) Тәрбие сағатын өткіземін
- B) Мектеп психологымен ақылдасамын
- C) Ата-аналар жиналысын өткіземін
- D) Тәртіпсіз баламен жеке жұмыс жүргіземін
- E) Беделді балалардың бөліну.

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Оқушы өзінің бағаларына көңілі толмай , материалды меңгеру мен түсінуге және өзінің қабілетіне күмәнданып, мұғаліміне былай деді:

36. «Үлгілі оқушы» болудың себебі неде?

- A) Отбасындағы тәрбиесі
- B) Өзін дұрыс ұстауы
- C) Ата-анасының қамқорлығы
- D) Көп еңбектенуі, шыншыл болуы
- E) Сыпайы, мәдениеттілігі

37. Материалды меңгеру мен түсінуге және өзінің қабілетінің бар екенін қалай байқауға болады?

- A) «Қабілетті дамыту» деген тақырыпта оқушылармен әңгіме өткізу
- B) Мән бермей қоя салу
- C) Оқушыларға қойлатын талапты қатаң сақтау тақырыбында жиналыс өткізу
- D) Қосымша тақырыптармен жұмыс жасау
- E) Мәмілеге келу

38. Оқушыға басқа балалардан жоғары оқу керектігін қалай түсіндіресіз?

- A) Ата-анасымен сөйлесіп, көп уақытын сабақ оқуға бөлу керектігін
- B) Сынып оқушыларымен жақсы қарым-қатынаста болып , бір-біріне көмектесу
- C) Өз қабілетіне сенуді түсіндіремін
- D) Ақылың мен еңбегіңе сену керектігін айтамын
- E) Оқушыда талант бар екенін айтамын

39. Сабақты дұрыс түсінбеудің себебі неде?

- A) оқушының сабақты дұрыс тыңдамауы
- B) мектеп ережесін маңызды деп бағалау
- C) үй тапсырмасын жүйелі түрде орындауы
- D) талаптың жоғарылығы
- E) ізденушілік

40. «Сіз қалай ойлайсыз, мен сыныптағы басқа балалардан қалмай «өте жақсы» деген бағаға оқи аламын ба екен?»

A) «Шын айтсам күмәнданамын»

B) «Иә, әрине, бұған сен күмәнданбағын»

C) «Мен саған үлкен үміт артамын, сенің қабілеттерің жақсы»

D) «Неге сен өзіңе күмәнмен қарайсың?»

E) «Кел, әңгімелесіп мәселені шешіп көрелік»

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.